Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

26 тамыз сенбі
№67 (1974)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«Қыстың қамын жаз ойла»:
отын-су қамдау, егін жинау науқанына дайынбыз ба?

Көзді ашып-жұмғанша үш ай жаз да аяқталып қалды. «Қазір уақыт қысқарған» деген дәйекті-дәйексіз пікірге сүйенсек, шынында, жаздың қалай өтіп кеткенін білмей қалдық. Енді міне, қыс қамын ойлап, шананы сайлайтын да кез келді. Осы аптада өткен Үкімет отырысы да қыс қамына арналды. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында алдағы егін жинау науқаны, жем-шөп дайындау, жылу маусымына дайындық мәселелері пысықталды.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев мәлімдегендей, биыл егін орағын уақытылы бастауға мүмкіндік бар. Бүгінде республика бойынша 2,4 млн гектар дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар немесе 14,1% өнім жиналды. Орташа өнімділігі гектарына 11,5 центнер болған 2,8 млн тонна астық бастырылды. Айта кету керек, республиканың барлық өңірінде жаппай егін жинау науқаны басталды. Биыл 24 млн гектар аумақтан ауыл шаруашылығы дақылдары жиналмақ. Оның 17,4 млн гектарынан дәнді дақылдар жиналады.

2 БЕТТЕ

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен актив отырысы өтіп, бірқатар кадрлық өзгерістер таныстырылды.

ӘКІМДІКТЕ АУЫС-ТҮЙІС

Бұған дейін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарған Жанмұрат Сейілов 2023 жылдың 21 тамызында облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымына тағайындалғаны белгілі. Қала әкімі жауапты қызметте өзін білікті басшы ретінде көрсете білген Жанмұрат Жақсымұратұлына қажырлы еңбегі үшін алғысын білдірді.

– Жанмұрат Жақсымұратұлы қызмет жолында өзінің іскерлігі мен біліктілігінің арқасында жемісті еңбек етіп, қаламыздың әлеуметтік және экономикалық әлеуетінің артуына ерекше үлес қосты. Саяси технологияларды және идеология саласын жетік меңгергендігін көрсете білді. Сондықтан әріптесімді облыс орталығындағы қоғамдық-саяси ахуалдың жағдайына күнделікті тұрақты бақылау орнатып, өзара жылдам ақпарат алмасу және дер кезінде нақты шешім қабылдай білетін, әлеуеті зор кәсіби кадр ретінде бағалаймын. Жергілікті атқарушы органдарда жемісті еңбек еткені үшін алғысымды білдіремін және жауапты қызметіне табыс тілеймін, – деді қала басшысы.

Өз кезегінде Қызылорда қаласының дамуына қосқан үлесі үшін Жанмұрат Жақсымұратұлына Қызылорда қаласының ең жоғарғы марапаты «Құрмет» грамотасы табысталды.

2 БЕТТЕ

ҚАЗАҚЫ БОЛМЫС

«Тіл – зергер, сөзің – өрнек, ойың – алтын»

Әңгіменің әлқиссасын қоңырдан бастаудың ерекше сыры бар. Оның үстіне қазіргі заман жастары атадан балаға мирас болып келе жатқан қоңыр әңгіме дегеннің не екенін түсінбеуі мүмкін.

Қазақ дүниетанымындағы «қоңыр» ең алдымен халықтың тіршілік ету кеңістігі, өзін қоршаған әлемі, қоңыржай қалыпты мекені, соған лайық ойлауы, сезінуі, қабылдауы. Мысалы, «Қоңыр саз», «Назқоңыр», «Алқоңыр» сияқты ән-күй атауларының өзі де көп дүние сырын түсіндіреді. Себебі рухани өрісіміз – қоңырдан негіз алған үндік саз, ол табиғаттың өзі қалыптастырған үндік бояу. Яғни, қоңыр үн – табиғи үн. Қазақ халқы сол табиғаттың аясында көшпелі өмір тіршілігімен өзінің болмыстық қасиетінің бірі ретінде табиғаттың қоңыр үнін еншілеген. Ал қоңыр әңгіме деп жанға жайлы, тартымды әңгімені айтамыз.

Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының қолдауымен бабалар дәстүрін жаңғырту мақсатында «Қоңыр әңгіме» жобасы жүзеге асып келеді. Кезекті «Қоңыр әңгіме» рухани кешінің қонағы – жырау, фольклортанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматов. Тағылымы мол кешті үш дүркін алтын домбыра иегері Мұхтар Ниязов тізгіндеді.

4 БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

БІЗ КІМБІЗ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзінде ұлттық тарихымызды жаңадан дұрыс жүйеге келтіріп, қайта жазып шығу жөнінде тапсырма бергені мәлім. «Тарихымыз жүйелі, шынайы, ең бастысы, тәуелсіз елдің көзқарасымен жазылуы керек», деген еді басқосуда Президент. Жөн-ақ. Бірақ Абай хакімнің «Адамның адамшылығы істі бастағаннан білінеді, қалайша бітіргенінен емес» дегенін ескерсек, ұлттық атауымыздың этимологиясын әлі күнге дейін кім көрінген өзінше бұрмалап жатқанда, тарих бұлағымыздың қайнар көзі тағы да ашылмай қала ма деген қауіп жоқ емес. Шындығында, біз өзі кімбіз?

3 БЕТТЕ

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Санаулы күндерден соң жаңа оқу жылы басталады. Ата-аналар балаларын ертіп базарда жүр. Бүгінде мектепке дайындық қарбаласы.

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Қалтаны қымбатшылық қысып тұрғанда бағасы мен сапасы сай киім-кешек пен құрал-жабдықтарды табу оңай емес. Бір баланы мектепке киіндірумен қатар оқу құралдарын алу үшін қанша теңге керек? Осы сұрақтың жауабын базардағы бағалар арқылы бағамдадық.

Қыркүйек айы жақындаған сайын мектепке дайындық науқаны қызу жүріп жатыр. Сауда орындарында халық көп. Әсіресе баласын жетектеген ата-аналар. Олардың басты міндеті – балаларына мектеп формасымен, оқуға керек құрал жабдығын алып беру. Бұл қалтаға салмақ салмай қоймайды. Өйткені күннен-күнге азық түлікпен қатар мектеп формасы, оқу құралы, сөмке және аяққиім бағасы өсіп жатыр. Биыл өткен жылмен салыстырғанда мектеп формасы 15-20 пайызға қымбаттаған. Ал оқу құралының бағасы өзгеріссіз.

– Мен көпбалалы анамын. Жаңа оқу жылына балаларымды кезекпен дайындап жатырмын. Ең бірінші үлкен балама ауыстырып киетін екі ақ жиде, пиджак, екі шалбар, майка, спорттық киім, туфли, спорттық аяққиім алдым. Бұның барлығы 70000 мың теңге болды. Бұл бір баламның киіміне кеткен шығын. Ал құрал жабдықтарына жұмсалған шығын 40000 мың теңгеге жетті. Жалпы мектепке дайындық үшін бір баланың өзіне 110000 мың теңгеден жоғары қаражат жұмсадым, – дейді Салтанат Ханкелиева.

4 БЕТТЕ

«Қыстың қамын жаз ойла»:

отын-су қамдау, егін жинау науқанына дайынбыз ба?

Биыл вегетациялық кезеңде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер құрғақшылыққа және судың болмауына байланысты бірқатар қиындықтар туындап, ол дақылдардың жай-күйіне әсер етті.

Мәселен, облыстар әкімдіктерінің жедел деректері бойынша бүгінде дәнді дақылдар егісінің 45,1%-ы жақсы, 46%-ы қанағаттанарлық және 7,5%-ы нашар күйде.

Жаппай егін жинау жұмыстарының басталуына байланысты ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер барлық қажетті техниканы дайындады.

Жалпы егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін республикада 149,9 мың трактор, 38,6 мың астық жинайтын комбайн, 13,5 мың орақ бар.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге егін жинау жұмыстарын уақытылы жүргізу үшін 426 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді, оның 58 мың тоннасы мал азығын дайындау жұмыстарын жүргізуге бағытталды.

Дизель отынының бұл көлемі Энергетика министрлігімен келісіліп, бекітілген. Барлық шығындарды ескере отырып, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін орташа баға литріне 250 теңгені құрайды, бұл нарықтық бағадан 15%-ға төмен. Министрлік элеваторлардың астықты қабылдау дайындығына қатысты тұрақты мониторинг жүргізіп келеді.

Республикада астық сақталатын орындардың жалпы сыйымдылығы 29,9 млн тоннаны құрайды: астық қабылдау кәсіпорындарында – 13,1 млн тонна, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерде – 16,8 млн тонна. Сақтау сыйымдылығының көрсетілген көлемі өткен жылдардың ауысымын ескерсек, болжамды өнімді сақтау үшін жеткілікті.

Облыс әкімдіктері астық қоймаларының жаңа өнімді қабылдауға дайындығын қамтамасыз етуі қажет.

Егін жинау науқанын сәтті өткізудің негізгі мәселесі – шауаларды қаржымен қамтамасыз ету.

Өткен жылдағыдай «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ желісі бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландырудың жалпы сомасы 140 млрд теңгені құрады және 3,8 мың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер қаржыландырылды.

Азық-түлік корпорациясының желісі бойынша оның ресурстарына астық жеткізудің қажетті көлеміне келісімшарт жасалды, ол үшін 81,2 млрд теңге, оның ішінде форвардтық сатып алу шеңберінде 21,2 млрд теңге және тауарлық кредит арқылы 60 млрд теңге бөлінді.

Қазіргі уақытта бірінші кезектегі міндет егінді шығынсыз жинау болып отыр, бұл ретте Қазгидрометтің болжамдарын ескеру қажет.

Азық дайындауға келетін болсақ, өңірлерде жергілікті атқарушы органдарының жедел деректері бойынша бүгінгі күні шамамен 1,2 млн тонна пішен дайындалды, бұл жоспарланған көлемнің 84,4%-ын құрайды.

Айта кету керек, сабан, сүрлем және құнарландырылған азықты дайындау негізінен қыркүйек айынан басталады.

Малдың негізгі азығы саналатын пішен дайындау 19,6 млн тоннаны немесе жоспардың 78,2%-ын құрады.

Министрлік тарапынан азықты сәтті дайындау үшін бірқатар шаралар қабылданып жатыр.

Жедел штабтың екі отырысының қорытындысына сәйкес, әкімдіктерге азық дайындауды субсидиялауға қосымша қаражат бөлу тапсырылды. Нәтижесінде, жедел ақпарат бойынша әкімдіктер бұрын бекітілген 11,7 млрд теңге субсидия көлеміне қосымша 10,1 млрд теңге бөлуді жоспарланған.

Биылғы 1 тамыздан бастап «ҚазАгроҚаржы» АҚ желісі бойынша мал азығын дайындау техникасын сатып алу, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне одан әрі лизингке беру үшін қаржыландыру басталды. Осы мақсаттарға республикалық бюджеттен 20 млрд теңге бөлінді. Азық өндірісін дамытудың жол картасын іске асыру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Өз кезегінде энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетов ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді (АШТӨ) дизель отынымен қамтамасыз ету бойынша ақпарат берді.

Оның айтуынша, 17 тамызда әкімдіктердің өтінімдері бойынша дизель отынын тиеп-жөнелтудің ай сайынғы графигі түзетілді. Оның ішінде, шілде-тамыз айларының көлемдері азайтылып, керісінше қыркүйек айында көлем көбейтілді. Тиеп-жөнелтудің жалпы көлемі өзгерген жоқ – 426 мың тонна, соның бүгінде 28%-ы орындалған.

Басы 1-бетте

Мәліметке сүйенсек, ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру үшін баға автожанармай құю станцясына қарағанда 18%-ға төмен. Егін жинау науқанында жанар-жағармай бағасы қымбаттамауы қажеттігін бақылау тапсырылды.

ӨҢІРДЕ ЕГІН ЖИНАУ 25 ТАМЫЗДА БАСТАЛАДЫ

Биыл сырбойылық дақандар 193,4 мың гектарға егін екті. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, дәнді дақылдар 99,9 мың га, майлы дақылдар 4,5 мың га, мал азықтық дақылдар 69,2 мың га, картоп, көкөніс, бақша 19,8 мың га егілді. Негізгі дақыл күріштің көлемі 89 мың гектарды құрады.

Егіс көлемдерін әртараптандыру бағытында 1192 гектарға дән жүгері, 1447 гектарға сүрлем жүгері, 179 гектарға күнбағыс, 64 гектарға соя дақылы, 5 гектарға қант қызылшасы, 195 гектарға қант құмайы егілсе, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 872,5 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын екті.

Қазіргі таңда облыс шаруашылықтары егін жинау науқаны бойынша ерте егілген дақылдарды жинау (күздік бидай, жаздық бидай, арпа және қант құмайы дақылдары) жұмыстарын толық аяқтады. Қазіргі таңда 4,3 мың га күздік бидайдан 7 мың тн өнім жиналып, (орта өнімі 16,2 центнерді) , 4,4 мың га жаздық бидайдан 3,2 мың тн өнім жиналып, (орта өнімі 7,2 цн), 365 га арпадан 209 тн (орта өнімі 6,0 цн) өнім алынды.

Сонымен қатар 4239 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары 100 пайызға жөндеуден өткізіліп, күзгі егін жинау жұмыстарына қатысуда.

Биыл күзгі егін жинау жұмыстарын жүргізуге 9,1 мың тонна мемлекет тарапынан арзандатылған дизель отыны бөлініп, 4 оператор арқылы ауыл шаруашылығы құрылымдарына бөлінген дизель отынының әр литрі 265 теңгеден берілуде.

Қазіргі таңда облыс шаруашылықтары егін жинау науқаны бойынша ерте егілген дақылдарды жинау (күздік бидай, жаздық бидай, арпа және қант құмайы дақылдары) жұмыстарын толық аяқтады. Қазіргі таңда 4,3 мың га күздік бидайдан 7 мың тн өнім жиналып, (орта өнімі 16,2 центнерді) құраса, 4,4 мың га жаздық бидайдан 3,2 мың тн өнім жиналып, (орта өнімі 7,2 цн), 365 га арпадан 209 тн (орта өнімі 6,0 цн) өнім алынды.

Аудандардан жинақталған жедел ақпаратқа сәйкес егілген 4,2 мың га мақсарының 3 мың га жиналып, 3,3 мың тн (орта өнімі 11,1 цн), 1,2 мың га дәндік жүгерінің 613 га жиналып, 1839 тн (орта өнімі 30,0 цн), 1,4 мың га сүрлем жүгерінің 93 гектары жиналып, 237 тн (орта өнімі 25,5 цн) өнім алынды.

Картоптың 378 гектары (9,1%) жиналып гектарына 112,4 центнерден, көкөністің 3071 гектары (47,0%) жиналып, гектарына 206,8 центнерден, бақшаның 5516 гектары (60,2%) жиналып, гектарына 249,1 өнім алынды. Картоп, көкөніс, бақша дақылдарын жинау жұмыстары жалғасуда.

Мал азықтық дақылдарын жинау жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда облыс бойынша барлығы 229 мың тонна жоңышқа шөбі жиналды.

Биыл күтімге алынған 46,2 мың гектар ескі жоңышқаның 3,1 мың га тұқымға қалдырылып, 43 мың га жоңышқа шөбін дайындауға қалдырылған болатын. Орылуға тиісті көлемнің бірінші орымынан 109 мың тонна жоңышқа жиналып, орта өнім 25,3 центнерден айналды. Қазіргі таңда екінші орымы жүруде, жиналуға тиісті көлемнің 42,5 мың гектар орылып, орта өнім 26 цн айналуда.

Биыл 25,3 мың шақырым электр желісін, 567 қосалқы станцияны, сондай-ақ 3,5 мың тарату пункті мен трансформаторды күрделі жөндеу жоспарланған. Бүгінгі таңда 13 мың шақырым электр желісі, 364 қосалқы станция және 2 мың тарату пункті мен трансформатор бойынша жұмыстар аяқталған.

Биыл егілген 21,2 мың гектар жаңа жоңышқаның бүгінгі күні 8,4 мың гектары жиналып, 9,4 мың тонна шөп дайындалды, әр гектарынан 11 центнерден орта өнім алынуда.

Облыс бойынша күріш егісінің суын байлау жұмыстарын 1 тамыз бен 9 қыркүйек аралығында жүргізу межеленсе, бүгінгі күнге дейін 59,1 мың гектар (66,4%) күріштіктің суы байланды.

Аудандармен бірлесіп алдын-ала жасалған кестеге сәйкес 25 тамыздан күріш жинау басталса, 10 қазанда аяқтау жоспарлануда.

КҮЗ АРТЫНАН ҚЫС КЕЛЕДІ, ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАЙЫНБЫЗ?

Үкіметте қаралған екінші мәселе – алдағы жылу маусымына дайындық барысы.

Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетовтің айтуынша, бекітілген кестеге сәйкес еліміздің электр станцияларында 10 энергетикалық блок, 49 қазандық және 54 турбинаны күрделі жөндеу көзделген. Бүгінгі таңда 4 энергетикалық блок, 24 қазандық және 15 турбина жөндеу жұмыстарымен қамтылған. Сондай-ақ 3 энергетикалық блок, 13 қазандық және 11 турбинада жөндеу жұмыстары аяқталды.

Бұдан басқа биыл 25,3 мың шақырым электр желісін, 567 қосалқы станцияны, сондай-ақ 3,5 мың тарату пункті мен трансформаторды күрделі жөндеу жоспарланған. Бүгінгі таңда 13 мың шақырым электр желісі, 364 қосалқы станция және 2 мың тарату пункті мен трансформатор бойынша жұмыстар аяқталған.

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов жылу маусымының басталуына 1 айдан астам уақыт қалғанын және жалпы дайындық жұмыстары белсенді жүріп жатқанын атап айтты. Сонымен қатар Үкімет басшысы жыл соңына дейін Елордада 3-ЖЭО мен екі газ турбиналық станцияны жоспар бойынша іске қосудың маңызын атап өтті. Премьер-Министрдің айтуынша, өңірлерде 13 мыңнан астам автономды қазандық дайындау қажет.

Үкімет басшысы жалпы жылыту маусымына дайындық және оны өткізу барысы күнделікті маңызды мәселе екенін ескере отырып, әрбір өңірде жол картасын әзірлеп, бекіту қажеттігін айтты.

– Онда жылу желілерін дамыту, жаңа жылу орталықтарын салу мен қолданыстағы орталықтарды күрделі жөндеу жұмыстары нақты айқындалады. Сондай-ақ апат болған жағдайда Өңірлік коммуналдық қызметтер мен Жылу орталықтарының іс-қимылының әр қадамы жазылған алгоритм бекітілуі тиіс, – деді Үкімет басшысы.

Сонымен қатар Премьер-Министр осы сектордағы цифрландыру мен автоматтандыру деңгейін арттыру маңызды екенін айтты.

– Жылу желісі инфрақұрылымының жай-күйі, шығын деңгейі, тұтынатын жылу энергиясының саны мен сапасы туралы объективті деректер қажет. Бұл жылу жүйесін басқаруға және жылу беретін нысандардағы апат санын азайтуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Жалпы Үкімет басшысы белгіленген мерзімде барлық жоспарланған жөндеу жұмысының аяқталуын және қажетті көлемде отынның алдын ала жеткізілуін қамтамасыз етуді талап етті.

– Ішкі көмір нарығында дүрбелеңге жол бермеу үшін өңір әкімдіктері тиісті тәртіппен 2 апта мерзімде көмірді дайындау және өткізу орындарының жағдайына, оның сапасына, жеткізу кестелеріне, бағалардың негізділігіне тексеру жүргізуі қажет, – деді Премьер-министр.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРІ ДАЙЫН

Аймақта жылу беру маусымына дайындық барысы да пысықталуда. Әсіресе әлеуметтік нысандарды, білім беру ұйымдарының қысқа дайындығы назардан тыс қалмайды. Апта ішінде өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында БАҚ өкілдеріне брифинг берген облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов аймақта жылу беру маусымына дайындық және білім беру мекемелерінің дайындығы кестеге сай жүргізіліп жатқанын атап айтты.

– Облыс бойынша алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде. Нақты кезеңде аймағымызда 1067 әлеуметтік нысан бар. Оның 532-сі – білім беру нысаны. Білім беру нысандарының жылу беру маусымына дайындығы 95 пайызды құрайды. Биыл 12 қазандықты жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде 11 білім беру нысанының қазандығы сыртқа шығарылады, – деді ол.

Жалпы 532 мемлекеттік білім беру ұйымының 77-сі жылумен қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған, автономды газ – 100, автономды сұйық отын – 199, автономды қатты отын – 124.

Биыл маусымды толық қамтуға білім саласына 3,8 миллиард теңге қаржы бөлінді. Оның 1,8 миллиард теңгесі қаңтар-сәуір айларында жұмсалды.

– Жылу маусымының екінші кезеңіне 11097 тонна қатты және 7676 тонна сұйық отын қажет. Қазіргі таңда қатты және сұйық отынды жеткізу бойынша облыстағы барлық білім беру мекемесімен келісім-шарт жасалған. Қатты отын тамыз айынан бастап бекітілген кесте бойынша жеткізілуде. Ал сұйық отын білім беру нысандары резервуарларының көлеміне сәйкес бекітілген кесте бойынша жеткізілетін болады. Одан бөлек, жылу маусымына дайындық жұмыстарын жүргізуге 216,1 миллион теңге қосымша қаржы бөлінді, – деді облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Бақыт Дүйсенов.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

ӘКІМДІКТЕ АУЫС-ТҮЙІС

Бұған дейін қала әкімінің орынбасары қызметін атқарған Дінмұхамед Ермеков 2023 жылдың 28 шілдесінде облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының дін істері басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған болатын. Қала әкімі Дінмұхамед Жандарбекұлының біліктілігі мен ұтымды ұйымдастырушылығының арқасында әріптестерінің арасында зор беделге ие болғандығын айтып, алғысын білдірді.

– Дінмұхамед Жандарбекұлы қызметтегі іскерлігімен қаламыздың өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосты. Салық түсімдері мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көлемінің артуы бағытында нәтижелі жұмыстарды жүзеге асырды. Қысқа мерзім ішінде кәсіпкерлік саласының ілгерілуіне, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге күш салды,– деді қала әкімі.

Дінмұхамед Жандарбекұлына да Қызылорда қаласының ең жоғарғы марапаты «Құрмет» грамотасы табысталды.

Айта кетейік, осы жылдың 23 тамызынан бастап конкурс қорытындысы негізінде, қала әкімінің өкімімен Тұрсынбаев Дархан Есалыұлы қала әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды. Дархан Есалыұлы қала әкімінің орынбасары ретінде экономика және қаржы, мәдениет, спорт және әлеуметтік салаға жетекшілік ететін болады. Шаһар басшысы Дархан Есалыұлына сәттілік тілеп, жауапкершілік жүгі зор салада аянбай қызмет атқарады деп сенім білдірді.

Сондай-ақ осы жылдың 16 тамызынан бастап ҚР Ішкі істер министрінің бұйрығымен, полиция полковнигі Айдар Қасанов қалалық полиция басқармасының бастығы лауазымына тағайындалды. Қала әкімі Айдар Демегенұлына қаланың қоғамдық тәртібін сақтауда нәтижелі қызмет атқаратынына сенім білдіріп, сәттілік тіледі.

Сонымен қатар биылғы жылдың 2 тамызынан бастап конкурс қорытындысы негізінде, қала әкімінің өкімімен Азамат Мүкеев Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды. Қала әкімі Азамат Ырысдәулетұлына сәттілік тілей отырып, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына күнделікті бақылау жасауды тапсырды.

А.БЕК

Апта басында «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында дәстүрлі қалалық тамыз кеңесі өтті. Кеңеске қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы Орынша Міржақыпқызы мен білім саласында қызмет жасаған бірқатар ардагер-ұстаздар және білім беру ұйымдарының қызметкерлері қатысты.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ:

Сапалы білім беру – басты міндет

Қалалық тамыз кеңесінде қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы Орынша Міржақыпқызы алдағы білім күнімен ұстаздар қауымына өзінің құттықтауын жеткізді.

– Ұлы қызметті ұлықтап, қиын да қастерлі салада қызмет етіп, ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәлім-тәрбие беруді мұратқа айналдырған ұлағатты еңбек иелері ұстаздар қауымы қашанда құрметке лайық. Талантты, дарынды шәкірттеріміздің қабілеттерін шыңдап, оларды қолдауға мемлекет тарапынан барлық мүмкіндіктер жасалған бүгінгі қоғамда елдің атын шығарып, аймақ абыройын асыратын, өңірді өркендетіп, туған жерді түлететін білімді шәкірттеріңіз көп болғай, – деді Орынша Міржақыпқызы.

Тамыз кеңесінде арнайы көрме ұйымдастырылды. Онда білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен оқушылардың өнерін тамашалап ғана қоймай, олардың ғылым мен білім саласындағы жетістікке жеткендерін таныстырды.

Одан бөлек №7, №187, №235 мектептерде секция отырысы өтіп, алдағы жоспарлар мен міндеттер талқыланды. Сонымен қатар білім саласындағы маңызды мәселелерді талқылап, өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Н.АЛТЫН

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5 – бабының 9 тармағына сәйкес Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы хабарлайды

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 24 тамыздағы шешімімен 2023 жылғы 17 қыркүйекке тағайындалған сайлауда Қызылжарма ауылдық округі әкіміне 3 кандидат тіркелді.

Абдрахманов Шарип Ақбарович – 1962 жылы туған, қазақ, «Ақмешіт - Сарқырама» ЖШС директорының орынбасары, Қызылорда қаласында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Калыбеков Фазыл Туремуратович – 1985 жылы туған, қазақ, «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» КММ бас маманы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентінде тұрады. Партия мүшелігінде жоқ. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Кожабеков Рустембек Айтжанбекович – 1968 жылы туған, қазақ, «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының Қызылжарма мәдениет үйі» КМҚК директоры, Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

БІЗ КІМБІЗ?

«Би екеу болса, дау – төртеу» дейді қазақ. Осындай үрдіс еврей халқында да бар көрінеді. Айырмасы тек бізде Тәңірімнің берген кең даласындай сөз қорымыздың шексіз шетсіздігінен, мына егемен ел болғанда, сөзбұйдаға салынып, жалған оқымыстыларымыздың қара шыбындай көбейіп, қазақ деген өз атауын «біреу қыз алып қашса, біреу босқа қашадыға» салынып, пысықсына жөнкілуінде жатқандай. Көз жұма, айналаңа таяқ лақтырсаң, әлгілердің басына тиеді. Нағыз ғалымдар өздерін оқымыстымыз деп атауға, кірқоқыс ішінде жүргендей ұялатын халге жетті. Масқарасы сол, екінші дүниежүзілік соғыс алдындағы кеңес одағы бойынша есепте болған 98 300 ғалымнан асып, бұл күнде 127 мыңға жетіппіз. Айтпағым, солардың ішіндегі көпшілігі, өздерінің шыққан тегі, қазақ атауының киелі қасиетін аяқасты қылып, тексіз жұрттардай біздің де мәңгүрттенуімізді қалайтындай. Себебі сол оқымыстысымақтардың 100 мыңдайы жат тілді, тіпті біразы жат мүдделі...

Мысалға, неміс, ағылшын, орыс, француз т.б. милләттар ұлт атауының этимологиясынан, шығу тегінен мақұрым. Тегін білмеген соң басын қатырғысы да келмейді. Есесіне сол ұлттың өкіліміз деп, мағынасыз флективті ұлт атауына, мақтанышпен кеуде қағады. Содан барып тарихтары да өрескел бұрмаланып, еуроцентризмге ұрынған. «Дон Кихот» романының авторы Мигель де Сервантес (XVII ғ.) көрегендікпен «Кто искажает историю, тех надо судить так же строго, как фальшивомонетчиков», – депті. Алысқа бармай-ақ, іргеміздегі әумесер I Петр заманынан бастасақ, бұлардың меншіктеп, өздеріне теліп жүрген жыр-дастанының көбінде түрік халықтарының аңыз-әңгімелері, тарихы жатыр. Ұлы халықпыз деп «Игорь жасағы туралы жырды» (XII ғ.) қаншама бұрмалап, өздеріне ыңғайлап көшіріп жазса да түркілік иіс бұрқырап тұр. Түпнұсқасы тығулы жатыр. Олай дейтінім, XXI ғасыр басында, осынау жырдың түпнұсқасы архивтен табылды деп, қуана сүйінші сұрап жер-көкке жария салғанымен, артынша көп ұзамай үн-түнсіз басылып қалды. Неге? Себебі, әрине, белгілі, ол жырды жарияласа өтіріктерінің арты ашылары хақ еді. Тіпті орыстардың батыры деп жүрген Илья Муромец – Фирдоусидің «Шахнамасындағы» Рүстем батырдың көшірмесі. Орыстардың сүйікті ертегісі «Еруслан Лазаревичі» де «Шахнамадан» алынған (Брокгауз, Ефрон энциклопедиясы, XXXVI т., 1902). Солтүстік көршіміз осы күнге дейін өзін «Мы Иваны не помнящие родства» дейді. Рас қой! Шынында да, «Иван» – «Уан», «Ұған» деген көне түркі атауы. Және де тегін білмейтін орыстар жалғыз ба? Мысалы, португалдар осынау түркі атын – «Жоан», испандар – «Хуан», немістер – «Иоганн», финдер – «Юхан», поляктар – «Ян» ... деп атайды. Ой салатын, толғандырар дүниелер.

Алексей Михайлович о дүниеге аттанған 1676 жылы орыс жұрты 16 млн-ға жетсе, оның баласы, император I Петр 1725 жылы қайтыс болғанда, саны күрт кеміп, 13 млн-ға құлдырады. Осынау үрдіске қарамастан, орыс халқының дүркірей, көпіре өсуі, айналасын жалмап, түркі халықтарын бас жоқ, көз жоқ зорлап шоқындырып, Иванов, Петров қылып жібергенінен дер едік. Тіпті кейін орыс патшасы II Александр 1876 жылы 30 мамырдағы жарлығымен украин халқын орыстандыру мақсатында оларға ана тілінде сөйлеуге тыйым салды. Қарсы болғандарын жер аударды. Қарашекпенділердің ішінде 564 138 мұсылман болғанына қарамай, оларға да көп қысым жасалды. Мына дерекке көз салыңызшы: «В XVIII-XIX веках на Дону было как бы два Дона – мужчины обязаны были говорить на русском языке (языке службы), а женщины по прежнему гуторили на родном тюркском языке... 9 сентября 1769 г. последовал приказ о замене национальной одежды казаков на русское обмундирование, чтобы они внешне не напоминали предков. Как шкуру сдирали с них... История сохранила сведения, как иные казаки (видимо мусульмане – К.Т.) падали голыми, валялись битые на земле, замерзали на снегу, но русское обмундирование «на себя не надевали»... (Аджи М. «Тюрки и мир»).

Осындайда орыс декабристерінің жетекшісі П.И. Пестель (1793-1826) айтқан мына ұстаным еске түседі: «Барлық ұлтты біріктіріп бір халық жасап, күллі елді мекенге орыс аттарын қоюымыз керек». Бұл қағидат тіпті бертін, тың игеру кезінде де кең етек алып, елімізде жаппай қазақ мектептері жабыла бастады. Оны айтасыз, егемен ел болдық десек те, өз ана тілімізде сөйлеткісі келмей, бізге қысым, бүлдіргі жасауын тоқтатар емес...

«...Массовые названия топонимов, которые встречаются в Челябинской, Курганской, Оренбургской, Саратовской, Новосибирской, Омской, Астраханской областей, и Алтайского Края, само происхождении Брянска, Воронежа, Пензы, Тулы, Кулунды, Тюмени, Барнаула и старинные тюркские захоронения до XVII веков тому явное свидетельство» (М.Аджи).

Орыс болып жазылып кеткендердің ішінде жалғыз калугалықтар осы күнге дейін тегін бөріге жатқызады. Кешегі генерал А.Лебедь өз жұртының татар негізін әспеттеуі шындыққа жанасады. Өкінішке қарай, біздер орыс менталитетіне бас ұрып, барымызды жоқ қылғымыз келіп, «шаш ал десе, бас алғымыз келіп» тұрады. Осының бәрі жоғарыда айтқан шүлдірлеген оқымыстысымақтар мен қыртима қырттардың кесірі...

Немістер өздерін «дойче» деп атаса да, орыстар сөзін түсінбегендіктен оларды неміс (немой) деп кетті. «Якут» деп ат қойып, оларды шоқындырып Иванов қылса да, олар тектілігін танытып, саха ұлтымыз дейді. Хакастар да солай. Бізді де «киргиз – қайсақ» деп атаған.

Дегенмен «гүлдердің шырын нәрлерін бал ара ғана барлайды» (Фет) дегендей «саха», «хакас», «қайсақ» этимологиясынан көне сақ халқының өкілі екеніміз аңғарылады. Біздерді скиф, сармат, гүн, половцы т.б. деп атаса да, түркі халқының сақтардан тараған ізі, исі, тарихы менмұндалап тұрады. Оны ғылымның әр саласынан да аңғаруға болады. Сүйінбай Аронұлы (1815-1898) «Бөрілі байрақ көтерсе, қозып кетер қайдағым» деп, көнеден қанымызға сіңген дүниеден хабар беріп тұр ғой.

Зерттеуші А.Нарымбаева: «Присутствие в пиктографическом письме шумеров, одних лишь «саней» и колесницы прямо указывает, откуда пришла в Шумеры это письменность... Зачем им понадобились бы сани, где вечно царит лето? Причём как отмечает Эрих Церен, они в Шумерских погребениях представляли собой невероятно роскошную повозку... И так сани в Египте, сани в Двуречье, сани в Ханларе (Закавказье)... Народы Евразии связывало общее мировозрение и общий мир символов и представлений, которые сформировались в глубокой древности на их общей Родине – в древнем Туране», дейді. Осыған қарамай, қазақ оңа ма, киелі, шыққан тегін этимологиясын тәрк етіп, қайдағы «ақ қаздан» шығарғылары келіп, кейде «қашқындар» деп те атап қыңырая «атың шықпаса жер өртеге» салынып, тілі қышып тұрады. Миллиондаған ақ қаз тек Америка құрлығында ғана бар. Біздікінің «аққаз» деп отырғаны аққу болар.

«Тарихты лирик ақындар жазбау керек» деген ойды бір жерде оқығаным бар еді. Олар болса аққуды жер-көкке сыйғызбай нәзік сезімге беріліп мадақтап, «аққудай аппақ шырай, неткен көрік», «аққудай саңқылдайды», «аққу мойын» деп, сыртқы сұлулығын аспандата айтып тамсанады. Ал сол аққудың саны көлде неғұрлым көбейген сайын, үйрек, қасқалдақ, қаз ұя сала алмай, сормаңдай халге ұшырайды. Аққулар күн көрсетпей, оларды көлден қуып шығады. Аққудың мінез-құлықтарында ішсырт бірлігі деген ұғым мүлде аңғарылмайды. Өзінен басқада шаруасы жоқ, айналасына зиянды топас, эгоист қатарында.

Қазір түркі тілдес елдер ішінде, қазақтың көнеден келе жатқан халық екені ғылыми дәлелденді. Көрнекті антрополог, академик Оразақ Смағұлов зерттеулерінде осыдан 4-5 мың жыл бұрын қазақ жерінде өмір сүрген тайпалардың гендік ерекшелігінің үштен бір пайызы бүгінгі қазақтың дене құрылысында сақталып қалғанын айтады. Яғни қазақтар популяциясында биоәлеуметтік ерекшеліктерінің тамыры осыншама уақыт үзілмеген (академик Р.Берсімбай). Содан барып, біздер дүниежүзі халықтарының қара шаңырағы, тегі, қазақ ұлтының тамырымен тікелей байланысты екенін аңғарғандықтан, әлем жұртын өзімізге бас игізудің орнына, кейбіреулердің тегімізді қайдағы «ақ қазға» байланыстыруы, бостан-бос оттап күйсеуі қаныңды басыңа шаптырып, намысыңа тиеді. Сонда олар «қас» сөзінен қашқақтайды білем. «Қас» деген сөз – нағыз, тым, өте, аса, қырағы, көреген, хас саңлақ деген ұғымды білдіретіндей. Мысалы, «Қас жүйрікте сын болмас, Қас сұлуда мін болмас» деген қазақи ұғымнан, «қас» сөзінің қасиетін аңғаруға болады.

Қазақ атауының төркіні «қас+сақ» сақтың сағы деген, бұрмалауға еш келмейтін агглютинативті ұғымды айна-қатесіз көрсетіп, бағзы заманның үні, қобыз сарынындай жүрегіңе жетіп, көкірегіңді қиялға жетелеп, рухыңды оятады. Батыры жауда, даналары дауда жүрген іргелі, ірі, ұлы қазақ халқы екенімізді көз алдыңа оралтады. «Қассақ» – қазақ атауында тарихымыз бен мәдениетіміз атой салып тұр.

«Известные ученые – русский А.Левшин, дойче А.Вамбери процесс консолидации тюркоязычных племен в казахскую народность относят к IX-X вв. в Византийских, иранских источниках, того времени встречаются термины «казахия», «казах». Советские антропологи В.Гинсбург, Н.Залкинд утверждают существования антропологического типа казахов между VII-VIII и XII-XIV вв... По всей вероятности, процесс консалидации тюркоязычных племен в казахскую народность в канун монгольского нашествия был близок к завершению. Иначе не могло быть. Протоказахов знали Куманское царство и Парфия, Китай, Арабский халифат, Киевская Русь, Булгарское государство, Византия» (Таукенов К., «Небесные тюрки», 2017).

«...Степная сакская культура не является переосмыслением греческой культуры... ибо греческая культура является вторичной, порождениями сакской степной культуры... Видимо, как ни говори а непревзойденной все-таки была и остается по сей день тюркская цивилизация... П.Савицкий, поставивший сакское искусство выше иранского и греческого, сказал: «... более совершенных и более современных (сверхсовременных!) вещей вообще нет в искусстве нашей планеты; кочевнический «звериный стиль» стоит выше всей греко-римской культуры!» (Гумилев Л. Судьба и идеи. Москва, 2007.С.220). Демек мәдениеті бар сақ дәуірінің мұрагері, мың өліп, мың тіріліп, кіндігі үзілмей, бүгінге жеткен қазақ елінің өркениетке қосқан үлесі, жетістігі деп білген жөн.

М.Аджи «Тюрки и мир» деген еңбегінде «Иранцы и индусы скифов знали под именем «сак», – дейді. Бұл күннің өзінде Иранның біраз қалалары мен ауылдарында түркі тілінде сөйлейтіндер аз емес. Аятолла Хомейни мен Хоменеидің тегі түрік екенін еске сала кетудің де артықшылығы жоқ. Бұл аз дегендерге, Брокгауз, Ефрон энциклопедиясының 1900 жылы жарық көрген XXVIIIA томында: «...Вследствие широкого распространения племени сак, это имя часть переносится на всех скифов а потому сведения, касающихся сакам, сбивчивы... Главная сила саков заключалась в коннице; Кроме того, они хорошо стреляли из лука и потому отряды, пополнявшиеся из саков, были лучшие в персидском войске... В походах участвовали и женщины... Как бродячее племя саки занимались скотоводством, преимущественно овцеводством» делінгені, «қас+сақ» – қазақ екенімізге дәлел, әрі бүкіл болмысымызды айқындап, мәлімдеп, соқырға таяқ ұстатып тұрғандай. Содан барып, көнеден бүгінге жетіп, әлем мойындаған, тәңірімізбен ұштасып жатқан көк байрағымызды аспандата, асқақтата желбіретіп, қазақы мемлекеттігімізді өрге жетелейік. Нағыз қазақ атын берік ұстанайық.

Қасым ТӘУКЕНОВ,
қоғам қайраткері

Басы 1-бетте

ЭЛЕКТР ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Жуырда Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның жаңғыртылған және қайта қалпына келтірілген нысандарына баспасөз турын өткізді. Оған мәслихат депутаттары мен «Аманат» партиясының өкілдері және қоғамдық бірлестік басшылары қатысты.

Өткізілген шараның басты мақсаты – тарифтің ашықтығын қамтамасыз ету мен атқарылған жұмыстар бойынша тұрғындарға ақпараттандыру. Себебі тұрғындар арасында электр жарығының жиі сөнетіні айтылуда. Осы тұрғыда тұтынушылар тарапынан наразылық туындамас үшін «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ мәселенің алдын алып, жоспарға сәйкес тиісті жұмыстарын атқаруда.

Былтыр электр желілерінің инвестициялық есебі бойынша 1080,85 шақырымға әуе электр беру желілері мен 134 дана қосалқы станцияларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Компаниядағы қолданылып жатқан электр желісінің жалпы ұзындығы 10 121 шақырымды құрайды. Оның ішінде 1867 қосалқы станция бар. Қазіргі таңда тозығы жеткен электр желілері 68% пайыз болып тұр

Баспасөз турына қатысушылар алдымен «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ мекемесіне барды. Онда электр желілерін жаңғырту және қайта қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. Компания активтерінің сенімділігін қолдау арқылы техникалық жүйелерін қайта жарақтандыру мақсатында Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының бірлескен бұйрығымен департамент пен меншікті және бюджеттік қаражаты есебінен жалпы сомасы 3213 млн теңгеге 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы бекітілген.

Өткен жылы облыста электр энергиясының есепке алу аспаптары мен желілерін қайта қалпына келтіру барысында атқарылған жұмыстарды, қалалық электр тарату тораптары басқармасының директоры Ерболат Кәленов баяндады.

– Қызылорда қаласында 582 қосалқы станса бар. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында 33,5 шақырым электр желілері жаңартылды. №9 орталық тарату пунктінің бірінші секциясында құрылғыларды толық алмастыру жұмыстары жүргізілді. Оған қоса, 762 дана электр есептегіштері ауыстырылып, АСКУЭ бағдарламасына енгізілді. Жаңа бағдарлама интернет арқылы барлық көрсеткіштерді алып отырады, – дейді Ерболат Кәленов.

Инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау электр жабдықтарының сенімділігі мен жұмысқа қабілеттілігін жақсартуға, электр желілерінің тозуын азайтуға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мұнан соң қатысушылар мекемеге қарасты №9 орталық тарату пунктіне барды. Онда құрылғылардың жаңартылған түрінің жартысын көрді. Бұл нысанның жұмыс істеп тұрғанына 20 жылдан астам уақыт өткен. Десе де былтыр жоспар бойынша қайта қалпына келтірілген.

– Биыл жыл соңына дейін мұндағы құрылғылар толық жаңартылып, ескі ажыратқыштар заманауи вакуумдық ажыратқыштармен ауыстырылады. Оған 96 млн теңге қаржы бөлініп отыр. Тиісті келісімдер жасалған. Жаңа құрылғылардың жеткізілуін күтудеміз, – дейді «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ өндірістік-техникалық қызмет бөлімінің бастығы Әлішер Қаждар.

Бұл жұмыстар биылдан бастап мемлекет басшысының жолдауындағы «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында жүргізілуде. Оның негізгі міндеті табиғи монополиялар субъектілеріне қосымша инвестициялар тарту есебінен жөндеу, жұмыстарының көлемін ұлғайту есебінен электр, жылу және сумен жабдықтау саласындағы желілердің тозуын кемінде 15-20-ға дейін төмендету болып табылады.

– Мекеменің өз инвестициялық бағдарламасы бар. Өткен жылы өз қаражаты есебінен 345 млн теңге бекітілді. Соның нәтижесінде біршама электр желілері, қосалқы стансалар ауыстыруға жатады. Қазіргі таңда мекеменің электр желілерінің тозу деңгейі 68 пайызды құрап отыр, – дейді департамент басшысы Айбек Егембергенов.

Сондай-ақ «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы»АҚ-да ұзақ мерзімді тарифтер жоспар бойынша бес жылға бекітіледі. Одан бөлек бағаның көтерілуі инфляцияға байланысты өзгеріп тұратынын жеткізді.

Атқарылған жұмыстар бүгінде «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында жүргізілуде.

«ҚЭТТК» АҚ 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламаға тозу дәрежесін 68 пайыздан 66 пайызға дейін төмендетуді жоспарлап отыр. Ол үшін 1134 млн теңге қарастырылған. Оның ішінде компанияның өз қаражаты есебінен 371,5 млн теңгеге ұзындығы 27,04 шақырымға электр желілерін кайта құру және жаңғырту жұмыстарын жүргізу көзделген. Одан бөлек №9 ОТП-10 екінші секциясы жаңғыртылып, электр энергиясына жаңа есептегіш құрылғысы мен АСКУЭ-ге электр қосу және бірлік автотехника сатып алынады.

Қосалқы станцияларды ауыстыруға облыстық бюджеттен қаражат бөлінген. Оған 10/0,4 кВ қосалқы станцияларын 35 дана ҚТПБ үлгісіндегі қосалқы станцияларға ауыстыруға, ұзындығы 21,15 шақырымды құрайтын 10 кВ кабель желілерін және ұзындығы 10,5 шақырым 0,4 кВ кабель желілерін ауыстыру жоспарлануда.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ БИІК ТҰЛҒА

Жалағаш ауданының тарихында Нұржан Елемесовтің есімі алтын әріппен жазылу тиіс тұлға.

Бұл кісі адал еңбегімен ел құрметіне бөленген жан. Нұржан Елемесов 1905 жылы Қармақшы ауданы, Ақтайлақ деген жерде Көбесұлы Елемес деген дәулетті кісінің отбасында дүниеге келеді. 1916-1917 жылдары әкесі Елемес дүниеден озады. Сонда әкесінен ерте, 11-12 жасында айырылған Нұржан Елемесов жігері жасымай, бойындағы қайраты, талпынысы арқылы алға ұмтылып, қайсарлықпен өмір сүре білді. Жастығына қарамай, тайсалмай, алға қойған мақсатына қол жеткізе білді. Ол кісінің анасының есімі – Кенже, әйгілі Тұрым бидің қызы.

Нұржан Елемесұлы білімін ауыл молдасынан алады. 14-15 жасында әкесінің досы, Жолшора Талдыбайұлының қарамағында пошташы-шабарман болып жұмыс істейді. Сауат ашу мектебінен бастауыш білім алған. Сонан соң ауылдық кеңес төрағаларын дайындайтын Ақтөбедегі қысқа мерзімді кеңес-партия мектебін және Шымкенттегі колхоз төрағаларының курсын оқып бітірген. 1933-1936 жылдары 1 май ауылдық кеңесіне қарасты «Қара ой» қолхозының төрағасы, 1936-1940 жылдары 1 май ауылдық кеңесінің төрағасы, 1940-1944 жылдары осы ауылдық кеңеске қарасты «Қызыл жұлдыз» колхозының төрағасы, 1944-1946 жылдары Мәдениет ауылдық кеңесіне қарасты Қазақстанның XX жылдығы атындағы колхозының төрағасы, 1946-47 жылдары 1 май ауылдық кеңесіне қарасты «Қызыл жұлдыз» колхозының төрағасы, 1947-1950 жылдары Мәдениет ауылдық кеңесіне қарасты «Бірлік» колхозының төрағасы қызметтерін атқарып, қиын уақыттың ауыртпалықтарына мойымай адал еңбек еткен. 1950 жылы майда колхоздар ірілендірілгеннен кейін Жамбыл атындағы колхозда мүйізді ірі қара фермасының меңгерушісі болды.

Нұржан Елемесовтің ел алдындағы марапаттары да жетерлік. Атап айтар болсақ, «Қазақстанға-15 жыл», «ОСОАВИАХИМ белсендісі», «Коммунистік еңбектің екпіндісі» төсбелгілерімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде тылдағы қажырлы еңбегі үшін», «В.И Лениннің 100 жылдығы», «Еңбек ардагері», Бүкілодақтық халық шаруашылығының жетістіктері көрмесінің күміс медальдарымен марапатталған. Сонымен қатар «Ауыл шаруашылығындағы белсенді жұмысы үшін» деп, Қазақ КСР Құрмет Грамотасымен де марапатталыпты.

Нұржан Елемесовтің байырғы колхоз төрағасы ретінде елге сіңірген еңбегін Қызылорда облысы мен Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы»Камал Бердаулетов ағамыз: «Нұржан Елемесов ел басқарудың сыналған шебері еді, ол халықтың қалың ортасынан шыққан өзінің сындарлы істерімен,сырбаз мінезімен халықты баурап алушы еді» – деп жазды өзінің «Колхоз құрылысы» деген естелігінде. Осы деректерден біз Нұржан ақсақалдың мықты іскерлігін көріп тұрмыз.

Ол достыққа адал, шыншыл, турашыл жан еді. Адамгершілік қасиеттерінің арқасында жүрген ортасында сыйлы азамат болды. Нұржан Елемесов жоғары талапшыл, қатал болғанмен, аудан басшылары алдында ауыл мүддесі үшін аянбай қайсарлықпен күресетін. Зиялы қауыммен, өнер адамдарымен, дін өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болғаны ел арасында жиі айтылады. Жиенбай жыраудың баласы Рүстембек жыраумен, ақын-жыраулар Әбілда Жүргенбаев, Балқашбай Жүсіповтермен, күміс көмей Көшеней жыраумен, қазақ әдебиетінің көрнекті классигі Асқар Тоқмағанбетовпен, ақын-жазушылар Темірше Сарыбаев, Қомшабай Сүйенішов, жыршы-термешілер Сары Рахметов, Жұмабек Аққұловтармен, Алдашбай ахунның баласы Асан Мақсұм, Дәулетназар ахунның баласы Әбілхақ Мақсұм және Садық ахунның баласы Тәжідин емшілермен де жақсы сыйластықта болғанын білеміз.

Қазіргі уақытта Нұржан Елемесов туралы құнды құжаттар Қызылорда облыстық архивінде сақтаулы тұр. Осының өзі бұл кісінің қайраткерлігін көрсетеді.

Шындары көк тіреген асқар таудың да алыстаған сайын тұлғаланып, мұнарланып биіктей түсетіні сияқты уақыт өткен сайын Нұржан ақсақалдың қадір-қасиеттері биіктеп, кезінде бірге жүрген достардың, қызметтестердің, ағайын-туыстардың сағыныш сезімін тудыратыны ақиқат. «Адамда үш бақ болады» деген халықтың даналық сөзі бар. Олар – елден алғыс алу, өзіңді халықтың іздеуі және ісінің, еңбегінің өшпеуі екен. Бүгінде біз осының бәрін маркұм Нұржан Елемесов ақсақалдың өз басынан, отбасынан, артында қалған ізінен байқаймыз.

Бақытжан АХМЕТБЕК,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі

«Тіл – зергер, сөзің – өрнек, ойың – алтын»

Алмас Алматов ағамыз өзінің төл туындысы «Қазына» тарихи дастанының желісін баяндап кештің көрігін қыздырды. 1856 жылы орын алған оқиғалар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жырау Алмас Алматовтың «Қазына» атты дастанында суреттеледі. Арғынбай батыр бейнесі тұтастай ашылған шығарманың көркемдік тұрғыдан құндылығы ерекше. Қожеке батыр Мырзабайұлы (1814-1895жж.) ел қамын жеген қайраткерлерімізбен бірге жауға қарсы күрескен. Қожекенің хиуалықтармен және Қуандария бойына оқтын-оқтын сұғынған қоқандықтармен сан мәрте шайқасып, Кенесары, Жанқожа мен Садық Кенесарыұлының Ресей отарлаушыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілістеріне де белсене атсалысқаны елін-жерін сүюдің шынайы үлгісі болғаны көркем шығармада шынайы өрілген.

Бұл дастанды Алмас ағамыз әлеуметтік желіге салған екен. 46 мың адам тамашалап, көпшілігі алғысын жаудырған. Риясыз көңілден айтылған алғысты мақалаға беруді құп көрдік.

«Керемет дастан. Көзіңе жас іркілмей тыңдай алмайсың. Оқиға желісі бір еліртіп, бір жылатып адамды үйіріп әкетеді екен. Алмас аға, мың жасаңыз. Ертеректе Көшеней жыраудың «Көрғұлысын» тыңдағанда дәл осындай әсерде

Басы 1-бетте

болып едім. Рахмет Алмас аға!» «Не деген тарих!? Ағайынның арасының бүтіндігін сақтау үшін шешім қабылданған билік. Осы оқиғаға сценарий жазып кино түсірілсе қазақты бүкіл әлем таныған болар еді және кино әлемінде маңдайалды туындылардың бірі болар еді» деген мадақты естігенде тебіренбеу мүмкін емес.

Осындай ақеден пікірлер дастанның өміршеңдігі мен баяндылығын паш еткендей.

Тіл – зергер, сөзің – өрнек, ойың – алтын,
Білім – шам, дарын – сұлтан, сыншы – халқың.
Ақыл– кен, кеудең – көрік жатық отың,
Болғай де енді текке талап қамшың.
Тастап сөз тағылым қылып талапты ерге
Ел берген елге қорған ердің нарқын.
Кемітпес керек сөзді қыштай қалап.
Қайымды қара өлеңнің білсең салтын.
Талантты күйме қылып мақсатқа жек,
Кер құлан жүйрік көңілім сен де талпын, –

деп бір қайырғанда, Алмас ағаның жүзі қызарып, бабына келіп-ақ қалды. Дастанды айтқан сайын арқалы елдің делебесі қозып, «ой, пәлі-ай» деп риза боп, желпінген дауыстар естіліп жатыр. Жыраудың осындай қанатты сөздер айтқанда делебесі қозып, бәйгеге шапқандай түлеп шыға келетіні бар емес па? Тер шыққаннан соң қас тұлпардай бабына келіп, жоңкіле жөнелді. Салтанатты кеш Алмас ағаның ертеден шапса кешке озған, ылдидан салса төске озған жыр бәйгесінде шапса, шалдырмас тұлпардай жүйріктігімен танылған дарабоз жыр саңлағы екенін тағы бір дәлелдеді.

Екі сағатқа созылған сән-салтанаты келіскен кеш руханиятқа сусаған елдің шөлін қандырып, қазыналы өнер құдіретін паш етті. «Қазына» дастанындағы кейіпкерлердің сөздерін Алмас ағамыз жан-тәнімен орындағанда әдемі әңгіме шымырлап бойға тарап, көрерменін өткен ғасыр төріне алып барғандай болды. Тұтас бір дәуірді көшіріп әкелгендей сезімде болдық. Оқиғаның желісіне кіріп кеткеніміз сондай уақыттың қалай өткенін де байқамай қалдық.

Тарихи дастан, ондағы уақиға, оны халыққа жеткізу ол енді Алмас ағамыздың шаршы топты игерудегі үлкен шеберлігі. Бір сөзбен айтқанда тамаша рухани кеш болды. Сахнада «Ақмешіт» ансамблінің сүйемелдеуімен жырау Руслан Ахметов, Малика Алдамжарова жырдан шашу шашса, Нартай Бекежанов атындағы драма театрының әртістері «Қазына» тарихи дастанындағы Арғынбайға анасының тоқтау айтқан тұсынан үзінді айтып, кешке көрік берді. Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері актриса Зәлипа Төлепова мен Мәдениет саласының үздігі, актер Сырым Әбдіразақов «Қазына» дастанының негізінде жазылған Иран-Ғайыптың «Мәңгілік елдің алтын адамынан» үзінді қойды. Кеш қонағы халықаралық дәрежедегі спорт шебері Тимур Сыпатаев өз өнерін жұртшылыққа ұсынды.

Кеш қорытындысында белгілі қоғам қайраткері Сәби Аңсат сахна төріне көтеріліп, халықтың атынан өз ризашылығын айтып, «Қоңыр әңгіме» рухани кешінің алдағы уақытта да жалғасатынына сенім білдірді.

– Жастардың рухын оятатын осындай рухани кештер жиі ұйымдастырылып отырса, нұр үстіне нұр болар еді. Халыққа керек-ақ дүние. Ұйымдастырушыларға мың алғыс! Алмасжан, ел ішіндегі әңгімелерді естіп жүрміз ғой. Мына шығарма бүтін бір заманның тарихын қамтыған, тілі бай, мазмұны мен оқиғалары татымды көркем дүние болған екен. Ақсақалдарды көп тыңдадың. Айналайын, талап оң болсын! , – деп ақсақал ақ батасын берді.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

КІТАП – ТӘУІР, СӨМКЕ – АУЫР

Мектеп оқушыларының сөмкесінің ауырлығы туралы қоғамда қызу талқы болғалы да бірталай уақыт өтті. Биылғы оқу жылының басталуына да санаулы күн қалды. Ауыр сөмке асынып мектепке әзер жететін балақайларға обал-ақ. Қарап тұрып жүрегің ауырады. Ал қоғамдық көлікке мінгенде «сөмкеңді артыңнан алып, алдыңа ұста» деп дікеңдеп ұрысатындарды көріп, тағы күйзелесің. Ал бала болса сөмке асынып әрең тұрады. Мен осы жайды зерттеп көрейінші деп үйдегі 5 сынып оқитын немеремнің сөмкесі 6 кітабымен және 0,5 литр суымен таразыға тартқанда 5,500 келі шықты. Осылайша бұл салмақ оқушыға қандай зардап әкелетінін зерттеп мамандардан сұрай бастадым. Ғаламторды ақтарып отырып, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы бұйрығы бойынша оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтер бекітілгені туралы Egemen.kz. сайтынан мәлімет алдым. Құжатта оқушы арқалайтын бір оқулықтың салмағына қатысты нақты норма көрсетілген. Ол бойынша: 1-4 сынып оқулықтары 300 грамнан, 5-6 сыныптар үшін 400 грамнан, 7-9 сыныптар үшін 500 грамнан, 10-11(12) сыныптар үшін 600 грамнан аспауы керек делінген. Бұйрықта оқулық салмағын аталған нормадан 10% арттыруға ғана жол берілетіні айтылған. Оқулық салмағынан бөлек кітап басылатын қағазға, баспа сапасына, пайдаланылатын қаріптерге қойылатын талаптар анықталған. Бұйрық 2021 жылдың 24 желтоқсанынан бастап қолданысқа енген.

Шындығында, оқушы сөмкесінің ауыр болуы неліктен? Кезінде біз де сөмке асынып, ішін кітапқа толтырып алатынбыз. Бірақ дәл бүгінгідей салмағы «зіл қара тас» болмаушы еді. Ауыр сөмкелердің кесірінен мектеп оқушыларының бәрінің болмаса да біразының омыртқасы қисайып, бойлары өспей қалып жатыр. Көп жағдайда мектеп сөмкесінің сапасына емес, бағасына қарап ала саламыз. Тиісті талапты сақтамағандықтан балалардың денсаулығына өзіміз артық салмақ жүктеп, дұрыс өспеуіне «үлес» қосып отырмыз.

Мектепке дайындық жұмысын бастағанда міндетті түрде алдымен оқушының киім үлгісін, екінші кезекте сөмке таңдаймыз. Сосын басқа қажетті заттарды алып, сөмкені толтыра бастаймыз. Бос сөмке немесе рюкзактың салмағының 1 келіден аспауына мән бермейміз. Жалпы мектеп сөмкесін таңдаған кезде ең алдымен оның иық бауының жалпақ, әрі жұмсақ матадан тігілгенін таңдаған жөн. Сонымен қатар таңдаған сөмкеңіз баланың бойы мен жасына сәйкес болуы маңызды. 1-4 сынып оқушылары үшін әрбір кітаптың салмағы 300 грамнан, ал 5-6 сыныптарға – 400 гр, 7-9 сынып оқушыларына 500 гр және 10-11 сыныптар үшін 600 грамнан аспауы керек.

Еліміз бойынша 86 оқулыққа қатысты сараптама негізінде олардың екеуінің салмағы гигиеналық нормативке сәйкес келмеген екен. Денсаулық сақтау министрлігінен арнайы жұмыс тобының құрылып, осы мәселеге зерделеу жүргізетін де болған. Бұл мәселе ҚР Парламенті мәжілісінде де сөз болғаны белгілі. Арнайы құрылған жұмыс тобының айтуынша, мектеп сөмкелерінің ауырлай түсуі сколиоз, остеохондроз сынды ауруларға ұшырататын көрінеді. Сондықтан бұл аурулардың алдын алу үшін шкафтар орнату керек екен.

Дәрігер Айгүл Бақбергенованың айтуынша, сөмкені еңсеріп жүру үшін балаға еңкейіп жүруге тура келеді, одан баланың жүрек қантамырларының қызметі бұзылып, көру қабілеті төмендейді. Одан бөлек, үнемі бас айналуы, жүрек айнуы, арқа мен аяқ аурулары көбейе бастайды. Ата-ана бұған көп мән бермеуі мүмкін, бірақ баланың бұл аурулар туралы айтып, шағым жасауы жиілейді.

– Өзге елдермен салыстырып көрелік. Мәселен, Португалия ғылыми-медициналық орталығының мамандары мектеп сөмкесінің салмағы барлық оқулық пен оқуға қажет құрал-жабдықтарды қоса есептегенде, бала салмағының 10 пайызын құрау керек деп есептейді. Егер баланың салмағы 25 келі болса, сөмкенің ауырлығы 2,5 келіден аспауы тиіс. Ғылыми орталық ұсынған зерттеу нәтижесі бойынша жергілікті билік мектеп сөмкесінің стандартын белгілеп қойған. Сол стандартқа сәйкес, балалар артық салмақ арқалап әуре болмайды екен. Ал американдық педиатрлар арқаға асатын дорбаның өзіндік нормаларын белгілі бір шарттарға сай есептеп шығарыпты. Америкада ауыр салмақты сөмкені күнделікті тасып жүрмеудің де жолдары қарастырылған. Мәселен, АҚШ-тағы кейбір мектептер бұл проблеманы болдырмау үшін заманауи құрылғылардың көмегіне жүгінеді. Кей білім ордаларында сабақ барысында пайдаланылатын негізгі оқулықтарды мектептегі оқушылардың жеке сөрелеріне қалдырып, үй тапсырмаларын арнайы планшеттерге жүктеп берсе, енді бір мектептерде үй жұмысы топтастырылған арнайы конверттер таратылады екен. Ірі штаттардағы мектептің де өзіндік жүйелері бар. Ол мектептерде мұғалімнің, ата-ана мен оқушының жеке-жеке кабинеттері бар. Ұстаз белгілі бір уақыт шеңберінде өз кабинетіне үй тапсырмасын жүктеп қояды, ата-ана үйінде отырып, сол тапсырмаларды баласымен орындайды, – дейді дәрігер.

Айта кетейік, өзге елдердің мектеп сөмкесіне қатысты арнайы бекітілген стандарты бар. Бізде неге олай емес? Биыл жаңартылған білім бағдарламасы мектеп сөмкесін тіптен ауырлатып жіберді. Әсіресе, 1-сынып оқушылары үшін.

Ресейлік мамандар осы мәселеге бас ауырта келе, сөмкенің салмағы оқушының салмағының 1/10 болуы тиіс дегенді айтады. Балаңыз 27 келі тартса, сәйкесінше, мектеп «дорбасы» да 2,7 келіден артық болмау керек. Ал төменгі сынып оқушыларының сөмкелері 1200 грамның шамасы болса құп. Өз кезегінде ресейлік санитар-мамандар бастауыш сыныпқа арналған оқулықтардың салмағы 300 грамнан, 5-6 сыныптар үшін – 400 гр, 7-9 сынып оқушыларына – 500 грамнан аспауы керектігін есептеп шығарған. Сонымен қатар сөмкені арқаға ілгенде, сөмке екі иыққа бірдей ілінуі керек деген уәж айтуда.

Шынында қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан осы мәселе тезірек шешімін тапса, нұр үстіне нұр болар еді. Әйтпесе, ауыр сөмке бүлдіршіндердің денсаулығына залал келтіруі мүмкін.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Қазіргі нарықпен есептегенде бұл ең аз жұмсалатын қаржы. Себебі бір танысым 10-шы сынып оқитын ұлына бір туфли мен спорттық аяккімді 55 мың теңгеге алған.

Бұған дейін ата-аналардың көбі мектеп киімін «арзан әрі таңдауы көп» деп Түркістан мен Алматы қаласындағы базардан алған. Қазір олардың да қатары жыл сайын азаюда. Оған себеп базар бағасындағы айырмашылықтың болмауы. Сондықтан ата-аналар балаларға керек құрал-саймандар мен мектеп формасын базардағы сауда сөрелерінен алуда. Онда балалардың талғамындағы түрлі кейіпкерлер бейнеленген құрал жабдықтар және сапалы, жаңа үлгідегі формаларды табуға болады. Әрине, қалтаңызға қарай таңдап аласыз. Мәселен, қыз балаға арналған ақ жейденің орташа бағасы 6000 теңгені құрайды. Шамаңызға қарай одан арзаны да табылады. Егер сапалысын аламын десеңіз қымбаты да жетерлік. Белдемше 7500 теңге болса, ақ бантиктің екі данасы 2000 теңгеден сатылуда. Ер балаларға арналған костюм-шалбар да өткен жылға қарағанда қымбаттаған. Сапасына қарай 18000 мыңнан бастап, 30000 мың теңгеге дейін кездестіресіз. Ал спорттық киімдер 10000 мың теңгеден әрі қарай құны арта береді. Сөмкенің орташа бағасы 4000 теңгеге саудалануда. Аяккиімді 3500-ден бастап 10-15 мыңға дейін алуға болады. Сапалысы одан да қымбат. Жалпы базардағы киімдер Қытай, Бішкек, Түркия, Ресейден, Еуропадан келетіндер де бар. Сондықтан бағасы мен сапасы да әртүрлі.

– Мен бес бала тәрбиелеп отырған анамын. Қазіргі таңда екі қызымды жаңа оқу жылына сақадай сай болуы үшін оқуға керек-жарақтарын алып жатырмын. Бірер күн бұрын белдемше мен жейдесін осы базардан алдым. Оның әрқайсысы 6500-7000 мың теңгеден жоғары. Жалпы екі балаға бір сөреден зат алатын болсаң сатушылар барынша түсіріп беруге әзір. Сондықтан үлкен қызыма 100000 теңге, ал кішкентайыма 50000 теңге жұмсалды. Бұл жұмсалған қаржы тек киімге кеткені. Алда әлі құрал саймандары бар алатын, – дейді көпбалалы ана Динара.

Сатушылар да заттың қымбаттағанын айтты. Тауарды көбіне Қорғас, Түркия, Алматы, Қырғызстаннан әкеледі. Қазіргі таңда сәнді жаңа үлгідегі киімдерге сұраныс көп.

Біз базар аралағанда базар сөрелерінде көздің жауын алатын кітап, қаламдар толып тұр. Қытайдікі керек пе, басқа елдікі керек пе, шамаңа қарап ала бересің. Әрине, жұрттың көпшілігі сапасына мән беретіні анық. Сапалы заттың бағасы да пұлдылау келеді. Қаламдардың бағасы 50 теңгеден басталады, ал өшіргіші бар қалам 200 теңге. Түрлі түсті қаламдар – 450 теңге, дәптер - 25 теңге, дәптер қап - 15 теңге, кітап қап - 1000 теңге. Сурет дәптері - 450 теңгені құрайды. Ал мұқабасы қатты күнделіктер 400-600 теңгенің арасында болса, желім - 250 теңге, қайшы - 400 теңге, сызғыш - 250 -450 арасында, өшіргіш - 150 теңге, акварель - 750 -1500 дейін сатылуда. Оның стақаны мен щеткасы – 300 теңге болса, карандаш қорап - 1000 - 3000 теңге арасында. Қазіргі ең көп сатылымдағы оқу құралдарының бұл жартысы ғана. Балалар өскен сайын мектепке керек құрал жабдықтар саны да арта түспек. Базардағы сатушы да өз пікірін айтты.

– Оқу құралдарын Шымкенттен әкелемін. Баға былтырғыдан қымбаттаған жоқ. Қыркүйек жақындаған сайын тауарлардың өтімі жақсы. Әркім әртүрлі сауда жасайды. Егер көп сауда жасаса, заттарды төмен бағада беремін. Өзіме тиімді болмаса да көпбалалы ананың жағдайын жақсы түсінемін, – дейді сатушы Гүлмира Жакешова.

Биыл төрт және көпбалалы отбасыға берілетін әлеуметтік жәрдемақы өткен жылмен салыстырғанда 8.5% -ға артқан. Бұл Қазақстандағы жүргізген зерттеулер бойынша 541.4 мың отбасыға беріледі. Отбасындағы әрбір балаға берілетін ай сайынғы төмен 13800 теңгені құрайды.

Осымен баланы мектепке дайындауға қанша қаражаттың жұмсалатынын орташа есеппен көрдік. Нәтижесінде мектеп формасына 18000 теңге, аяккиімге 18000 мың теңге, кеңселік тауарлары мен сөмке орта бағамен 20000 теңгеге барады. Қорыта келгенде, бір баланы мектепке дайындау үшін кемінде 100 мың теңге қаражат болуы қажет. Дегенмен бағаның тұрақсыздығына байланысты бұл қаражат та аздық етеді.

Кез келген ата-ана баласының сапалы зат ұстауы үшін қымбатын алуды көздейді. Ал көпбалалы отбасы үшін қалтаға салмақ түсері анық. Десе де ата-аналар балаларын қатардан қалдырмай, ешкімнен кем болмасын дейді. Сондықтан балаларының қалауын орындап, шамасы келгенше мектепке дайындап жүр. Қанша қымбатшылық қалтаны қысса да бала алдындағы парызын орындаймын деп соңғы қаржысын жұмсаса, енді бірі несие алып әлек.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Басы 1-бетте

Газеттің келесі саны 30 тамыз, сәрсенбі күні шығады.

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3101 **Тапсырыс №1342**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА